

2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 31 наурыздағы № а-3/122 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 сәуірде № 7786 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Бурабай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса берілген 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Бурабай ауданы әкімінің орынбасары М.Б. Нұрпановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Бурабай ауданының әкімі

А.Муздыбаев

Бурабай ауданы әкімдігінің
2020 жылғы "31" наурыздағы
№ а-3/122 қаулысымен
бекітілген

2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Қаржыландыру республикалық бюджеттің қаражаты есебінен	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны			
	мемлекеттік		жеке меншік	
	қала	ауыл	қала	ауыл
Бөбек-жайы	615	280	879	-
Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша Бурабай ауданы Оқжетпес ауылының "Балапан" балабақшасы	-	-	-	125
Санаторлық топтар	40	-	-	-
Толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	274	288	30	-
Жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	50	399	-	-

кестенің жалғасы

Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы айына ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)

мемлекеттік		жеке меншік		мемлекеттік		жеке меншік	
қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл
27818,21	29934,88	23 315	-	12000	10000	12000	-
-	-	-	27 901	-	-	-	10000
39 925	-	-	-	-	-	-	-
19171,90	19951,85	17931,8	-	9000	9000	9000	-
8972,33	8972,33	-	-	-	-	-	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК